

ЖЕМ - САҒЫЗ

№22 (7882) 4 маусым, Бейсенбі 2026 жыл



<https://zhemsagyz.kz/>



zhemsagyzgazeti@mail.ru

Жоба

Өңірдің индустриялық әлеуетін мүлде жаңа деңгейге көтеретін ауқымды жоба — қуаттылығы жылына 1,3 миллион тонна өнім өндіретін заманауи цемент зауытының құрылысы ресми түрде басталды. Қазақстан мен Қытай арасындағы өнеркәсіптік ынтымақтастықтың нақты нәтижесі саналатын бұл нысанның құрылыс-монтаж жұмыстарына салтанатты рәсім аясында ресми түрде старт берілді. Жоба Ақтөбе облысы әкімдігі мен «KAZAKH INVEST» ұлттық компаниясының тікелей қолдауымен, отандық «Primus Capital» холдингі және халықаралық «Sinoma Cement» серіктестігі аясында жүзеге асырылуда.

БАЙҒАНИНДЕ ЦЕМЕНТ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



Жаңа өндіріс ошағының жалпы инвестициялық құны 176,9 миллион АҚШ долларын құрайды. Салтанатты шараға қатысушылар бұл ірі өндірістік нысан аймақтың өнеркәсіптік қуатын арттырып қана қоймай, жергілікті халық үшін жаңа жұмыс орындарын ашуға үлкен мүмкіндік беретінін атап өтті. Екі ел өкілдері ресми жиында алдағы өнеркәсіптік ықпалдастықтың болашағын кеңінен талқылады.

Жобаның маңыздылығы мен оның өндірістік стандарттары туралы серіктес компаниялардың жетекшілері де жоғары баға берді. «Primus Capital» холдингінің негізін қалаушы Сапарбек Тұяқбаев бұл цемент зауыты өңірдің индустриялық әлеуетін нығайтып қана қоймай, заманауи технологиялар мен халықаралық өндірістік стандарттарды енгізу арқылы отандық мамандардың кәсіби құзыреттерін арттыруға кең жол ашатынына тоқталды. Өз кезегінде «Tianshan Materials» директорлар кеңесінің төрағасы Чжао Синьцзюнь бұл жоба компанияның Орталық Азия өңіріндегі алғашқы стратегиялық қадамы әрі бірегей жобасы екенін мәлімдесе, «Sinoma Cement» президенті Жун Якунь кәсіпорынның қауіпсіздік, сапа және экологиялық талаптар бойынша халықаралық стандарттарға толықтай сай болатынына кепілдік берді.

Ақтөбе облысы әкімдігі ұсынған ресми мәліметтерге сүйенсек, Байғанин ауданы соңғы жылдары тұрақты



инвестициялық белсенділік көрсетіп келеді. Мәселен, 2025 жылдың қорытындысы бойынша ауданның өнеркәсіптік өнім көлемі 216,1 миллиард теңгені құраса, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 56,8 миллиард теңгеге жеткен. Ал жаңа 2026 жылдың сәуір айының өзінде-ақ аудан экономикасына 19 миллиард теңге көлемінде инвестиция тартылып үлгерген.

Қорыта айтқанда, Байғанин ауданында іргетасы қаланған бұл

зауыт — отандық құрылыс нарығын сапалы өніммен қамтып, импортқа тәуелділікті азайту бағытындағы маңызды қадам. Ірі көлемдегі инвестиция, жаңа жұмыс орындары және озық халықаралық технологиялардың келуі Ақтөбе облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына ұзақ мерзімді оң серпін бермек.

Ә.КАРИМАН

Мереке жаңғырығы



ӘР БАЛАНЫҢ ҚУАНЫШЫ - ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ БАҚЫТЫ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні қарсаңында Байғанин ауданында балаларға арналған мерекелік және қайырымдылық шаралар легі бастау алды. Балғындардың жүзінде күлкі сыйлап, олардың қуанышын еселеуге бағытталған игі бастамалардың бірі аудан әкімі Айбек Көпенов пен аудандық мәслихат төрағасы Марғұлан Сержан, мекеме басшылары мен депутаттар бірқатар отбасының шаңырағына арнайы барып, бүлдіршіндерді мерекемен құттықтауынан көрініс тапты.

Балалық шақ – әр адамның өміріндегі ең бақытты, ең алаңсыз кезең. Сондықтан да балалардың амандығы мен жарқын болашағы қай уақытта да қоғам назарынан тыс қалған емес. Мемлекет тарапынан жас ұрпақтың сапалы білім алып, денсаулығын нығайтып, қауіпсіз әрі жайлы ортада тәрбиеленуі үшін жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Ал балалар мерекесі қарсаңында ұйымдастырылатын осындай кездесулер мен қамқорлық шаралары ескеңе ұрпаққа деген ерекше ықыластың белгісі екені анық.

Мерекелік жүздесу барысында аудан әкімі бірнеше отбасының үйіне арнайы барып, балаларды Халықаралық балаларды қорғау күнімен құттықтады. Әр шаңырақта жылы жүздесу өтіп, отбасы мүшелерімен ашық әңгіме өрбіді. Аудан басшысы балалардың жағдайын сұрап, олардың бос уақытын тиімді өткізуіне, білім алуына және жан-жақты дамуына

жасалып жатқан мүмкіндіктер туралы пікір алмасты.

Кездесу кезінде бүлдіршіндерге арнайы дайындалған сыйлықтар мен төтілер табысталды. Балалардың қуанышы мен шат күлкісі үй ішіне ерекше мерекелік көңіл-күй сыйлады. Өсіресе, қонақ күтпеген бүлдіршіндер үшін бұл күн есте қаларлық жарқын сәттердің біріне айналды.

Жүздесу барысында аудан әкімі Айбек Көпенов әрбір баланың бақытты балалық шаққа лайық екенін атап өтті.

Кездесу тек мерекелік құттықтаумен ғана шектелген жоқ. Отбасылармен болған әңгімеде мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан әлеуметтік қолдау шаралары, көпбалалы және ерекше күтімді қажет ететін балалар тербиелеп отырған отбасыларға арналған бағдарламалар жайында да сөз қозғалды. Аудан әкімі әлеуметтік саладағы жұмыстардың алдағы уақытта да жалғасын тауып, ха-

лықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бастамалар тұрақты түрде жүзеге асырылатынын жеткізді.

Бүгінде Байғанин ауданында балалардың сапалы білім алып, шығармашылық және спорттық қабілеттерін дамытуына бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Мектептер мен балабақшалардың материалдық-техникалық базасын нығайту, қосымша білім беру ұйымдарының жұмысын жетілдіру, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру секілді бағыттар аудан көлемінде тұрақты назарда.

Аталған шараға қатысқан аудандық мәслихат төрағасы Марғұлан Сержан балаларға деген қамқорлықтың қоғам үшін маңыздылығына тоқталды.

— Балалардың жарқын болашағы — баршамызға ортақ жауапкершілік. Бүгінгі бүлдіршіндердің бақытты балалық шағы, сапалы білім мен саналы тәрбие алуы — ертеңгі ел дамуының кепілі. Сондықтан балаларды қолдау, олардың құқықтарын қорғау және жан-жақты дамуына жағдай жасау әрдайым басты назарда болуы тиіс. Балалардың қуанышын бөлісіп, олардың жүзіндегі күлкіні көру — үлкен бақыт. Осындай игі шаралар қоғамдағы мейірім мен бірлікті нығайта түседі, — деді төраға.

Депутаттың айтуынша, балалардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табуы қажет. Бұл ретте мемлекет пен қоғамның, ата-ана мен білім беру ұйымдарының ортақ жауапкершілігі ерекше маңызға ие.

«Жем-Сағыз» ақпарат

ЖАС ТАЛАНТТАРҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай аудан әкімі Айбек Көпенов аудандық мәдениет үйі жанынан құрылған «Ауылдың балалары» ансамблінің жас өнерпаздарымен кездесіп, олардың шығармашылық жетістіктеріне жоғары баға берді.

Кездесу барысында аудан басшысы ансамбль мүшелерінің өнер жолындағы ізденісі мен табандылығына тоқталып, «Ауылдың балалары» ансамблінің бүгінде Байғанин ауданының брендіне айналғанын атап өтті. Ол жас өнерпаздардың ауданның мәдени имиджін қалыптастыруға қосып жүрген үлестеріне ризашылығын білдіріп, алдағы шығармашылық жолдарына сәттілік тіледі.

Бүгінде ансамбль құрамындағы дарынды балалар облыстық, республикалық байқауларда аудан мерейін асқақтатып келеді.

Аудандық мәдениет үйінің директоры Жадры Ермекбай жас өнерпаздарға көрсетілген қолдау олардың шығармашылық дамуына үлкен серпін беретінін айтты.

— Балалардың бойындағы өнерге деген қызығушылықты арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту — біздің басты міндетіміздің бірі. “Ауылдың балалары” ансамблі аз уақыт ішінде үлкен жетістіктерге жетіп, ауданымыздың мәдени өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Осындай кездесулер балалардың өнерге деген ынтасын одан әрі қу-

шейтеді деп сенемін, — деді мәдениет үйінің басшысы.

Құрамында 50-ден астам жас өнерпаз бар ансамбль ұлттық өнерді дәріптеп, жас буынның шығармашылық қабілетін шыңдауға үлес қосып келеді. Өн мен күйді, би мен сахналық қойылымдарды қатар меңгерген балалар түрлі деңгейдегі байқауларда топ жарып жүр.

Ансамбль жетекшісі Ақбаян Дүйсенқұл ұжымның жетістігі — балалардың еңбегі мен ата-аналардың қолдауының нәтижесі екенін атап өтті.

— Біздің мақсатымыз — балалардың бойындағы табиғи талантты ашып, ұлттық өнерге баулу. Өнер арқылы олардың рухани дүниесін байытып, туған жерге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға күш салып келеміз. Балалардың әрбір жетістігі біз үшін үлкен қуаныш, — деді ансамбль жетекшісі.

Мерекелік жүздесу соңында аудан әкімі жас өнерпаздарға сыйлықтар табыстап, алдағы шығармашылық байқауларда сәттілік тіледі. Өз кезегінде ансамбль мүшелері ән мен күйден шашу шашып, мерекелік көңіл күй сыйлады.

Ә.ӘНУАРБЕК

Мереке жаңғырығы

БАҚЫТТЫ БАЛАЛЫҚ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Мереке күні Қарауылкелдіде «Бақытты балалық – жарқын болашақ» атты ауқымды мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Аудандық мәдениет үйі мен аудандық білім бөлімінің бірлескен бастамасымен өткен мерекеге аудан тұрғындары, ата-аналар, ұстаздар мен қонақтар қатысып, балалардың қуанышын бірге бөлісті.



Балаларды қорғау күні — бүлдіршіндердің құқығы мен қауіпсіздігін, олардың жан-жақты дамуы мен бақытты өмір сүруіне қоғамның назарын аудартатын маңызды мереке. Осыған орай ұйымдастырылған шарада балаларға ерекше көңіл бөлініп, олардың өнерін, шығармашылығын және белсенділігін дамытуға бағытталған түрлі бағдарламалар ұсынылды.

Мерекелік іс-шара аудан орталығын нағыз шаттық пен қуаныш мекеніне айналдырды. Сахна терінде аудан өнерпаздары мен жас таланттардың қатысуымен әсем әндер шырқалып, көркем билер орындалды. Балғындардың қатысуымен өткен концерттік бағдарлама көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Өрбір өнер нөмірі мерекенің сәнін келтіріп, балалардың шығармашылық әлеуетін айқын көрсетті.

Сонымен қатар бүлдіршіндерге арналған түрлі қызықты ойындар мен сайыстар ұйымдастырылды.

Айтулы шараға арнайы қатысқан аудандық білім бөлімінің басшысы Мұрат

Дабисов бүлдіршіндерді мерекемен құттықтап, балалардың жарқын болашағы — мемлекет пен қоғамның басты құндылығы екенін атап өтті.

— Балалар — еліміздің ең қымбат байлығы, мемлекетіміздің ертеңі. Сондықтан олардың сапалы білім алып, жан-жақты дамуына, қауіпсіз әрі бақытты ортада тәрбиеленуіне жағдай жасау — баршамыздың ортақ міндетіміз. Бүгінгі мереке — тек көңіл көтеру ғана емес, балаларға деген қамқорлық пен сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі. Баланың күлкісі — бейбіт өмірдің белгісі. Өрбір бүлдіршін өзінің бақытты сезініп, арманына сеніммен қадам басуы керек. Біз ескеңе ұрпақтың білімді, тәрбиелі, отаншыл азамат болып қалыптасуына барлық мүмкіндікті жасауға күш саламыз. Балаларымыздың дені сау, білімді болып өсіп, еліміздің өркендеуіне үлес қосатын азамат атануына тілектеспін. Қарша бүлдіршінге шаттыққа толы балалық шақ, зор денсаулық, мол бақыт және жарқын болашақ тілеймін, — деді Мұрат Қосайұлы.

Ә.ӘНУАРБЕК

Мереке жаңғырығы

ЕРЕКШЕ БҮЛДІРШІНДЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ ПЕН ҚОЛДАУ ТҰРАҚТЫ ЖАЛҒАСАДЫ



Балалық шақ – адам өмірінің ең жарқын әрі қамсыз кезеңі. Әрбір бала, оның денсаулығы мен даму ерекшелігіне қарамастан, бақытты болуға, сапалы білім мен дер кезінде маман көмегін алуға құқылы. Осы орайда, Байғанин ауданында ерекше білім беруді қажет ететін балаларға қолдау көрсету және олардың қоғамға бейімделуіне жағдай жасау бағытында маңызды жұмыстар атқарылып келеді.

Балалар күні мерекесіне орай осы балаларға мерекелік көңіл-күй мен ұмытылмас қуаныш сыйлау мақсатында аудандық мәдениет үйі мен аудандық психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің бірлесе ұйымдастыруымен «Бәрі балалар үшін!» атты мерекелік шара өтті.

Мерекелік кеш барысында балаларға қызықты ойындар, ән-би бағдарламалары ұсынылып, арнайы сыйлықтар табыс етілді.

Аудан әкімі Айбек Көпеновтің тікелей қолдауымен өткен бұл игі шараға «SINOMA-BTIEC KAZAKHSTAN ENGINEERING» компаниясы, аудандық Іскер әйелдер қауымдастығы және жергілікті белсенді кәсіпкерлер де-меушілік көрсетіп, балаларға қуаныш сыйлауға өз үлестерін қосты. Осындай белсенді кәсіпкерлер мен іскер әйелдер қауымдастығы тарапынан түзету кабинетіне үнемі қолдау болып тұрады. Олар тек ірі мерекелерде ғана емес, күнделікті уақытта да балаларды демеп, сыйлықтар беріп, тегін қызмет көрсетуді дәстүрге айналдырған. Мұндай қайырымдылық істер мекеме жұмысының

жандануына және балалардың игілігіне үлкен септігін тигізіп отыр.

Бүгінгі таңда Байғанин аудандық психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінде 50 бала тұрақты түрде түзету көмегін алып, қоғамға бейімделу үстінде. Ақтөбе облысының білім басқармасы «Байғанин ауданындағы психологиялық-педагогикалық түзетім кабинеті» КММ-нің меңгерушісі Айгерім Қанбаеваның сөзінше, ерекше бүлдіршіндермен жан-жақты әрі нәтижелі жұмыс істеу үшін мұнда арнайы білікті мамандар ұжымы жұмылдырылған. Атап айтқанда, логопед, дефектолог, психолог, дене шынықтыру нұсқаушысы және әлеуметтік педагог сияқты мамандар әр баланың жеке даму ерекшелігіне қарай сапалы қызмет көрсетіп келеді.

Мекеменің ағымдағы жұмыс барысы мен алдағы жоспарларына тоқталсақ, түзету кабинеті 2025-2026 оқу жылын мамыр айының 31-і күні сәтті аяқтады. Қазіргі таңда мамандар заңды еңбек демалысына кеткенімен, алдағы уақытта балаларды сауықтыру мен дамытуға бағытталған жаңа маусымдық жұмыстар тамыз айында қайта жалғасын таппақ,

Ә.ӨНУАРБЕК

Мереке жаңғырығы

ЕРТЕГІЛЕР ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Баланың қиялын қанаттандырып, кітапқа деген қызығушылығын арттыратын тәрбиелік шаралар әрдайым маңызды. Осы мақсатта Балаларды қорғау күніне орай аудандық білім бөлімі мен мәдениет үйінің ұйымдастыруымен балаларға арналған «Ертегілер елінде...» атты мәдени-танымдық іс-шара өтті.



Шараға ауданның бүлдіршіндері мен олардың ата-аналары қатысып, ертегілер әлеміне саяхат жасады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған мерекелік бағдарлама мазмұнды әрі әсерлі өтті. Сахна төрінде ертегі кейіпкерлері тіріліп келгендей әсер қалдырып, көрерменді сипырлы әлемге жетеледі.

Іс-шара барысында аудан орталығындағы мемлекеттік және жеке балабақшаның педагогтері түрлі ертегі кейіпкерлерінің образдарын сомдап, әннен шашу шашып, балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Кейіпкерлердің қызықты көріністері бүлдіршіндердің белсенді қатысуына мүмкіндік берді. Балалар өздерінің тапқырлығы мен зеректігін көрсетіп, ертегілердегі жақсылық пен жамандықты ажырата білу, достық пен адамгершілік құндылықтарын бағалау секілді маңызды тәрбиелік ұғымдарды бойларына сіңірді.

Бүгінде цифрлық технологиялар қарқынды дамыған заманда балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан мұндай мәдени-танымдық шаралардың маңызы зор екенін айтып, ертегінің балаға өмірлік құндылықтарды үйрететін тәрбиенің қайнар көзі екеніне назар аудартқан аудандық білім бөлімінің әдіскері Жарқын Тоқсанбаева: “Ертегі – баланың рухани дүниесін байытып, қиялын дамытатын ерекше құрал. Осындай шаралар арқылы біз балалардың көркем әдебиетке қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік береміз. Бала бойындағы мейірімділік, адалдық, достық секілді қасиеттердің қалыптасуына ертегілердің ықпалы зор. Сондықтан кітап пен ертегіні дәріптеу бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады”, – деді.

Ә.ЖАРТИНА

Ауылшаруашылығы



ӨҢІРЛІК БРЕНДТЕРГЕ ҚОЛДАУ: «БІР АУЫЛ – БІР ӨНІМ» КӨРМЕСІ ӨТТІ

Жергілікті шикізатты өңдеп, ауыл кәсіпкерлігінің әлеуетін арттыруды көздеген «Бір ауыл – бір өнім» жобасы аясында ауданда іріктеу көрмесі өтті. Аудан кәсіпкерлерінің басын қосқан шарада 10 үміткер бақ сынап, оның 3-еуі облыстық кезеңге жолдама алды.

Жергілікті билік пен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен өткен шарада арнайы комиссия қатысушылардың жұмысын мұқият бағалап, ішінен озып шыққан 3 үздікті анықтады. Атап айтсақ, облыстық кезеңге қатысу сертификаты теріден ұлттық және тұрмыстық бұйымдар жасайтын қолөнер шебері Амангелді Ещановқа, шұжық және ірімшік өнімдерін өндіруші Гүлнұр Таласпаеваға және ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдарын дайындайтын кәсіпкер Гүлдана Серікқызына табысталды. Шара соңында көрмеге қатысқан барлық 10 кәсіпкерге Байғанин ауданы әкімінің атынан Алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар берілді. Көрмеге аудан әкімінің орынбасары Руслан Обаев, Ақтөбе облысы Кәсіпкерлер палатасының шағын кәсіпкерлікті дамыту бөлімінің басшысы Ержан Нұрғалиев, Темір аудандық кәсіпкерлер палатасының директоры Арман Бораш, аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Жаннұр Нұрпа, «Шаңырақ» отбасын қолдау орталығының директоры, аудандық мәслихат депутаты Балнұр Ермекбаева қатысып, ауыл кәсіпкерлеріне қолдау білдірді.

Шара аясында аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Азамат Межеш жобаның маңызы мен алдағы жоспарлар туралы өз ойын білдірді. Бөлім басшысының айтуынша, бұл жоба жергілікті шикізат негізін-

де өндірілетін бірегей өнімдерді анықтап, олардың нарыққа шығуына қолдау көрсетуді, ауыл кәсіпкерлерінің әлеуетін арттырып, өңірлік брендтерді қалыптастыруды көздейді. Осы орайда, жоба жеңімпаздарының шеберлігін дәріптеуге және кәсіби үйірмелер ұйымдастыру идеясына бөлім өте оң көзқараспен қарайды және ұйымдастыру жұмыстарына бөлім деңгейінде өз қолдауын көрсетуге әзір. Оның айтуынша, аталған іс-шара бөлімнің іс-шаралар жоспарына енгізілмегендіктен, алдағы уақытта оны өткізу бойынша «Атамекен» кәсіпкерлер палатасына ұсыныс беруге болады. Сондай-ақ Азамат Межеш көрмеде көрсетілген ұлттық нақыштағы былғары бұйымдарының ерекшелігіне тоқталып, бұл өнімдердің күнделікті тұтынатын қарапайым азық-түлік емес, арнайы тапсырыспен жасалатын құнды дүниелер екенін атап өтті. Сатып алушылар кез келген уақытта байланыс нөміріне хабарласып, тапсырыс беріп, сатып ала алады.

«Бір ауыл – бір өнім» жобасының аудандық кезеңі байғаниндік іскер азаматтардың бәсекеге қабілеттілігін тағы бір мәрте дәлелдеді. Ендігі кезекте жолдама алған байғаниндік үш кәсіпкер облыс орталығында аудан атын танытатын болады.

Ө.КАРИМАН

Руханият

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ҰЛЫҚТАҒАН ШЕБЕР

Мажарстан астанасы Будапешт қаласында Қазақстан Республикасының Мажарстандағы Елшілігінің ұйымдастыруымен қазақтың сәндік-қолданбалы өнері мен жүн өңдеу дәстүрлеріне арналған халықаралық көрме және шеберлік сабағы өтті. Аталған мәдени шараға Байғанин ауданының қолөнер шебері, «Urshuk» республикалық қоғамдық қолөнершілер бірлестігінің мүшесі Анар Теремұратова қатысып, ұлттық өнерімізді халықаралық деңгейде насихаттады.



Қазақстаннан жолға шыққан бес адамның бірі болып, Ақтөбеде жалғыз өзі іріктелген байғаниндік шебер қазақы нақыштағы туындыларын көпшілік назарына ұсынып, ата-бабадан жеткен қолөнердің ерекшелігін таныстырды. Әсіресе киіз және тоқыма бұйымдары, этнодизайн үлгілері мажарстандық қонақтардың ерекше қызығушылығын тудырып, жоғары бағасын алды.

Сонымен қатар қазақстандық қолөнершілер Хортобада қаласындағы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра нысаны аумағында алғаш рет ұйымдастырылған VIII Мажар жүн фестиваліне де қатысты. Фестиваль аясында Анар Теремұратова өзге шеберлермен бірге жүнді қырқудан бастап, иіру, тоқу және киіз басуға дейінгі дәстүрлі өңдеу тәсілдерін көпшілікке көрсетті.

Ұлттық өнердің терең мазмұны мен тарихи маңызын дәріптеген шебердің еңбегі шетелдік көрерменнің зор ықыласына ие болды. Бұл – қазақтың төл мәдениеті мен қолөнерін Еуропа жұртшылығына кеңінен танытуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

- Будапешт елінде елшіліктің ұйымдастыруымен өткен көрмеде шеберлік сағатына республикалық «Ұршық» қоғамдық бірлестігі басшысы Бибигүл Лаубайқызының басшылығымен



бардым. Әлеуметтік желі арқылы жұмысымызды қарап, Республикалық байқауларға тігілген жұмыстарым жақсы бағаланып, іріктеліп алындым. Ақтөбе, Астана, Ақтау, Атырау, Қызылорда қалаларынан бес адам бардық. Ұйымдастырылған фестиваль да, көрме де, шеберлік сағаты да жүнге байланысты болды. Бибигүл Лаубайқызы жүннен, мен киімнің үстіне жүннен жасалған жіптен өрнектеп тігуге байланысты шеберлік сағатын көрсеттік. Менің ала барған тағы бір жұмысым – ата қиындыларынан жасалған картиналар. Сол жерде менің бір картинам үлкен сұраныспен сатылып кетті. Көрме өте жоғары деңгейде өтті. Тәжірибе алмасу деп айтуға келетін, еңбегіміз жоғары бағаланған шарадан алған эмоция да ерекше болды. Ертеңіне елшілік арнайы қонақ етіп, Алғысхаттар табыстады. Мажарстанның қолөнеріне біздің де берер бағамыз өте жақсы. Біздің елдің де көрмеге апарып паш еткен қолөнеріміз көзайымға айналып, жоғары қызығушылыққа ие болды - деді Анар Есенбайқызы.

Әйгерім ЖАРТИНА

Қоғам

ЗАҢ, ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЖАНАЙҚАЙ

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық – жабық есіктің ар жағында ғана қалатын жеке мәселе емес, қоғам қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін күрделі әлеуметтік құбылыс. Соңғы жылдары бұл бағыттағы заңнаманың күшеюі, профилактикалық жұмыстардың артуы және тұрғындардың құқықтық сауатының өсуі мәселені ашық талқылауға жол ашты. Дегенмен, әсіресе ауылдық жерлерде жәбірленушілердің үнсіз қалуы, дәстүрлі көзқарас пен экономикалық тәуелділік көптеген жағдайдың дер кезінде анықталуына кедергі келтіреді. Байғанин ауданында бұл бағыттағы жұмыстар қалай жүргізіліп жатыр? Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда қандай қиындықтар бар? Әскери саладан полиция қызметіне ауысып, бүгінде отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бағытында еңбек етіп жүрген полиция инспекторы Ақжан Құлжанова осы саладағы өзекті мәселелер, қоғамдағы көзқарас және адам тағдырларымен бетпе-бет келетін қызметтің жауапкершілігі туралы әңгімелеп берді.

Ақжан Ерболатқызы мектепті «Алтын белгімен», ал Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін үздік дипломен бітіргеннен кейін еңбек жолын Байғанин аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімде бастап, онда он жылға жуық құпия іс жүргізу жөніндегі бөлімше басшысы қызметін атқарған. 2025 жылдың күзінен бастап полиция саласына ауысқан.

— Әскери саладан полиция қызметіне келу — мен үшін жаңа тәжірибе мен кәсіби өсуге жасалған қадам болды. Екі жүйенің мақсаты ортақ болғанымен, жұмыс бағыты бөлек. Әскери салада қатаң тәртіп пен бұйрықты бұлжытпай орындау басым болса, полицияда халықпен тікелей жұмыс, құқықтық шешім қабылдау, адамдармен коммуникация орнату маңыздырақ, — дейді ол.

Инспектордың айтуынша, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрестегі басты мақсат — жанжалдың салдарымен ғана қарсу емес, оның алдын алу, жәбірленушіні қорғау және қоғамда зорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру.

Бүгінде бізді алаңдататын мәселелердің қатарында отбасылық жанжалдардың көбеюі, жәбірленушілердің үнсіз қалуы, балалардың қауіпсіздігі, алкоголь мен есірткіге тәуелділік, қайталанатын құқық бұзушылықтар бар. Бұл саладағы ең үлкен қиындық — мәселені тек құқықтық тұрғыда емес, әлеуметтік, психологиялық әрі мәдени қырынан қатар шешу қажеттілігі екенін айтқан маманның сөзінше, қоғамда әлі күнге дейін «отбасындағы мәселе — өзара шешілетін жеке шаруа» деген жаңсақ пікір сақталған. Ал мұндай көзқарас көптеген зорлық фактілерінің дер кезінде анықталмай, жасырын қалуына себеп болады.

— Тұрмыстық зорлық-зомбылықты жеке мәселе ретінде емес, құқық

бұзушылық әрі қоғамдық қауіпсіздік мәселесі ретінде қарастыру маңызды. Көп жағдайда жәбірленушілер қорқыныштан, ұяттан, экономикалық тәуелділіктен немесе балалар үшін алаңдап полицияға жүгінбейді. Соның салдарынан көптеген фактілер тіркелмей қалады, — дейді Ақжан Ерболатқызы.

Полиция қызметкерлері мұндай жағдайда бірнеше бағытта жұмыс жүргізеді. Хабарлама түскен сәттен бастап оқиға тіркеліп, полиция қызметкерлері дереу оқиға орнына барады. Қажет жағдайда қосымша күштер тартылады. Ең алдымен жәбірленушінің қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, тараптардан түсініктеме алынады. Егер құқық бұзушылық белгілері анықталса, тиісті әкімшілік немесе қылмыстық іс рәсімделеді. Қажет болған жағдайда құқық бұзушыға қорғау нұсқамасы шығарылады. Бұл — уақытша шектеу шарасы. Оның тиімділігі зорлық-зомбылықтың қайталану қаупін азайтып, жәбірленушіге қауіпсіз орта қалыптастыруында. Сонымен қатар құқық

бұзушыға заң талаптарын ескертіп, жауапкершілікті күшейтеді.

Маман жаңа заңнамалық өзгерістердің де маңызын ерекше атап өтті. Оның пікірінше, соңғы жылдары қабылданған заңнамалық шаралар жәбірленушілердің құқықтарын қорғауды күшейтіп, алдын алу тетіктерін жетілдіруге ықпал еткен.

— Бұл өзгерістер тұрмыстық зорлық-зомбылықты «отбасылық мәселе» деп қарамай, нақты құқық бұзушылық ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Әсіресе, балалардың құқығын қорғау, жауапкершілікті күшейту және қоғамдағы құқықтық мәдениетті көтеру бағытында оң әсерін тигізіп отыр. Бүгінде Байғанин ауданында да бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Инспектордың айтуынша, статистикалық мәліметтердің өсуін тек теріс көрсеткіш ретінде бағалауға болмайды. 2025 жылы отбасылық-тұрмыстық құқықтық қатынастар аясында 83 хабарлама тіркелсе, 2026 жылдың басынан бүгінгі күнге дейін 37 хабарлама келіп түсті. Бұл бір жағынан



мәселені сыртқа шығарғысы келмейді. Сондықтан құқықтық түсіндіру жұмыстарын күшейту, сенім қалыптастыру және қолжетімді көмек жүйесін дамыту өте маңызды, — деген инспектор әлеуметтік желілер мен қоғамдық пікірдің де бұл бағыттағы рөлі артып келе жатқанын атап өтті. — Әлеуметтік желілер дұрыс қолданылған жағдайда азаматтардың құқықтық мәдениетін арттырып, зорлық-зомбылыққа төзбеушілік көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді. Бірақ ақпарат таратуда этика мен құқықтық талаптардың сақталуы аса маңызды, — дейді маман.

Қызмет барысында түрлі тағдырлармен бетпе-бет келу оның өмірлік көзқарасына да әсер еткен.

Бұл қызмет оған отбасының, бала тәрбиесінің, адам өмірінің қадірін тереңірек түсіндірді. Көптеген құқық бұзушылықтардың түп-тамыры баланың қандай ортада өскеніне байланысты



мәселенің өзектілігін көрсетсе, екінші жағынан тұрғындардың құқықтық сауаты мен құқық қорғау органдарына жүгіну белсенділігінің артқанын аңғартады, — дейді ол.

Сондай-ақ полиция қызметкерлері «Шаңырақ» отбасын қолдау орталығымен бірлесіп, жәбірленушілерге құқықтық әрі психологиялық көмек көрсету жұмыстарын жүргізіп келеді. Ақжан Ерболатқызының айтуынша, ауылдық жерлердегі негізгі мәселе — зорлық фактілерінің көп жағдайда жабық қалуы.

— Ауылдық ортада таныстық факторы, дәстүрлі көзқарастар, экономикалық тәуелділік секілді себептер әсер етеді. Көп жағдайда адамдар

екенін көресіз. Сондықтан балаға тек материалдық жағдай жасап қана қоймай, оған уақыт бөліп, дұрыс тәрбие беру маңызды.

Сөз соңында Ақжан Ерболатқызы қоғамды зорлық-зомбылыққа бейжай қарамауға шақырды.

— Зорлық-зомбылыққа төзбеушілік мәдениеті тек заңмен емес, тәрбие, білім, қоғамдық қолдау және азаматтық жауапкершілік арқылы қалыптасады. Үнсіз қалмау өте маңызды. Ал зорлық-зомбылыққа тап болған азаматтарға айтарым — көмек сұраудан қорықпаңыздар. Заң сіздердің құқықтарыңызды қорғайды, — дейді инспектор.

Өйгерім ӨНУАРБЕК

Денсаулық

ШЫҒЫС МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ШИПАСЫ

Соңғы жылдары халық арасында дәрі-дәрмексіз емделуге деген қызығушылық артып келеді. Соның ішінде ежелгі шығыс медицинасының озық тәсілдерінің бірі – «Алтын ине» әдісі кеңінен танылып отыр. Бұл – адам ағзасындағы биологиялық белсенді нүктелерге арнайы алтын немесе алтын жалатылған инелерді енгізу арқылы жүзеге асатын акупунктураның ерекше түрі. Осы орайда, бүгінде сұранысқа ие инемен емдеу әдісінің қыр-сыры, оның адам денсаулығына пайдасы мен ерекшеліктері туралы кеңірек білу мақсатында өзіміздің ауылдың түлегі, бүгінде осы саланың қыр-сырын жетік меңгерген білікті маман Нұрболат Тасинмен сұхбаттасқан болатынбыз. Шығыс медицинасын серік еткен жерлесімізбен арадағы тұжымды әңгімені назарларыңызға ұсынамыз.

- Нұрболат -----, алғашқы сұрақты өзіңіз айналысып жүрген шығыс медицинасынан бастасақ. Бүгінде халық арасында «Алтын ине» (акупунктура) әдісіне деген қызығушылық өте жоғары. Жалпы, бұл әдістің басты ерекшелігі неде?

- Иә, дұрыс айтасыз, қазіргі таңда адамдар химиялық дәрі-дәрмексіз, табиғи жолмен емделуге бет бұрып жатыр. Шығыс медицинасының, соның ішінде акупунктураның басты ерекшелігі - ол аурудың тек белгілерін ғана емес, оның пайда болу түп-тамырын емдейді. Адам денесіндегі белгілі бір биологиялық нүктелерге ине шаншу арқылы біз қан айналымын жақсартамыз, жүйке жүйесін ретке келтіріп, ағзаның ішкі энергиясын оятамыз. Бұл - ғасырлар бойы тексерілген, нәтижесі дәлелденген қауіпсіз әрі тиімді әдіс. Алтын иненің басқа инелерден басты ерекшелігі - оның адам ағзасына толықтай биоүйлесімді болуы. Алтын тотықпайды, аллергиялық реакция туғызбайды және тіндерге жұмсақ әсер етеді. Шығыс философиясында алтын белсенділік пен жылулықты білдіретін

«Ян» энергиясын күшейтеді деп есептеледі. Сондықтан бұл әдіс әлсіреген ағзаны сергітіп, қан айналымын жақсартып, жүйке жүйесінің қызметін реттеуге ықпал етеді. Мен «Су Джок» терапиясымен де айналысамын. «Алтын ине» Қытай медицинасы болса, «Су Джок» - Корей медицинасы. Бұл табиғи, қауіпсіз және өте тиімді емдеу әдісі. Оны 1987 жылы Оңтүстік Кореяның ғалымы, профессор Пак Чжэ Ву ойлап тапқан. Корей тілінен аударғанда «Су» - алақан, «Джок» - табан дегенді білдіреді. «Су Джок» теориясы бойынша, адамның алақаны мен табаны - бүкіл ағзаның кішірейтілген картасы, яғни проекциясы. Дененің кез келген мүшесі мен жүйесі қол мен аяқтағы белгілі бір нүктелерге сәйкес келеді. Егер ағзада қандай да бір ауру пайда болса, оған жауапты қолдағы немесе табандағы нүкте де сезімтал болып, басып көргенде ауырады. Сол нүктеге массаж жасау немесе әсер ету арқылы ауруды емдеуге болады. Мен саусақтағы нүктелерге тоқтала кетейін. Мысалы, бас бармақ - бас және мойын, сұқ саусақ және кішкентай са-

усақ — қолдар, ортан қол және аты жоқ саусақ - аяқтар болса, алақанның өзі барлық ішкі мүшелер. «Су Джок» терапиясында «Су Джок» сақинасы, массаж таяқшалары, семенотерапия, немесе тұқыммен емдеу, магниттер қолданылады.

- Сіз өзіміздің ауылдың түлегісіз. Осы күрделі әрі жауапты салаға келуіңізге не түрткі болды? Мамандыққа жолыңыз қалай басталды?

- Мен туып-өскен өлкемді, ауылымды әрдайым мақтан тұтамын. Жас кезімнен адам жанына араша болу, шипа сыйлау өмірлік мақсатым болды. Шығыс медицинасының философиясы, адам ағзасының ішкі мүмкіндіктерін дерісіз-ақ қалпына келтіруге болатындығы мені қатты қызықтырды. 1986 жылы Ақтөбе қаласында медициналық академияны аяқтап, үш жыл Ақтау өңірінде жұмыс жасадым. 1989 жылы Ақтөбеге қайтып келіп, психологиялық орталыққа жұмысқа тұрдым. 1991 жылы осы саланың қыр-сырын терең меңгеру үшін арнайы білім алу үшін Мәскеуге курс оқуға бардым. Құлақтың нүктелерін, яғни ауриколотерапия оқудым. Бүгінде жинақтаған тәжірибемді ел игілігіне жұмсап, халыққа шипа сыйлап жүргеніме қуаныштымын. Сол жылдары ауруханада жүріп, ішімдікке, есірткіге тәуелділігі бар, ақыл-есінде ауытқуы бар науқастарға ине салып бастадым. Алғаш рет «Доверие» медициналық клиникасы Ақтөбе 1993 жылы ашылып, сол жерде дәстүрлі медицина өз жұмысын бастады. Ол жерде қызмет еткендер қатарында мен де болдым.

- «Алтын ине» емін негізінен қандай ауруларға қолдануға болады? Оның емдік қасиеті қаншалықты тез байқалады?



- Бұл әдістің көмегімен жүйке жүйесінің ауруларын, буын ауруларын, бас ауруы мен мигренді, сондай-ақ ас қорыту және тыныс алу жолдарының сырқаттарын сәтті емдеуге болады. Емнің нәтижесі әр адамның ағзасының ерекшелігіне байланысты. Кейбір емделушілер алғашқы 2-3 сеанстан кей-



ін-ақ жеңілдік сезінсе, енді біріне толық курсты 10-15 күнді қажет болады. Ең бастысы - емді уақытында бастау және маманның нұсқауын бұлжытпай орындау. Кейбір жағдайларда артық салмақтан арылуға, тәбетті төмендетуге, асқазан-ішек жолдары мен тыныс алу жүйесінің созылмалы ауруларын жеңілдетуге көмектеседі. Бұл әдіс косметология саласында да сұранысқа ие. Беттегі арнайы нүктелерге әсер ету арқылы терінің қан айналымы жақсарып, коллаген мен эластиннің түзілуі күшейеді. Соның нәтижесінде майда әжімдер азайып, тері тартылып, өңі жақсарады. Сондықтан «алтын ине» жасарту процедуралары хирургиялық араласусыз табиғи нәтижеге қол жеткізудің тиімді жолдарының бірі саналады. Тағы бір айта кететін жәйт, қарсы көрсеткіштері жоқ. Керекті нүктеге ине түспесе де зиянсыз.

- Дегенмен, инені кез келген адамға сала беруге болмайтын шығар? Бұл емнің қандай да бір шектеулері немесе қарсы көрсеткіштері бар ма?

- Әлбетте, кез келген медициналық шара сияқты акупунктураның да өз шектеулері бар. Мысалы, қатерлі ісік аурулары бар жандарға, қанның ұюы бұзылған азаматтарға, дене қызуы өте жоғары кезде немесе жүжпалы аурулардың асқыну кезеңінде инемен емдеуге болмайды. Сондықтан біз ең алдымен әр нақты адамның денсаулық жағдайына, тарихына үніліп, диагноз қойып барып қана іске кірісеміз. Мұнда үлкен жауапкершілік керек. Сонымен қатар бұл процедураны тек арнайы білімі мен сертификаты бар рефлексотерапевт дәрігер жүргізуі қажет. Адам ағзасындағы әрбір нүктенің өз қызметі бар болғандықтан, оны дұрыс таңдау мен дәл қолдану үлкен тәжірибені талап етеді. Тағы бір айта кететін жәйт, мен медицинаны жоққа шығарудан аулақпын. Тек бұл әдістің уақыт жағынан да, қаражат жағынан да тиімділігін баса айтқым келеді.

- Ерекше нәтижеге жеткен науқастарыңыз болды ма?

- Әрине, әсіресе, сеніммен келген науқасқа әсері де тезірек болады. Ал кейде, біреулердің ықпалымен, амалдың жоқтығынан келгендер де болды. Алғашқы күні-ақ нәтиже беретін кез болса, 10-15 күнге созылатын курстар да болады. Ал енді ерекше нәтижелерге тоқталсам. Бір науқас аяғы мен буынға шашым айтып келіп, емімді жүргізіп жүріп, ең қиыны саусағы жабысып қалған жанның сол саусағына жан бітіп кеткен кезде болды. Тоғыз жыл медицина есігін тоздырған әйелдің де емі осы «алтын инеден» табылды. Бұндай жағдайлар көп қой. Сондықтан алдыма шипа сұрап келген жанның қолданына дауа болсам, соның бәрі ерекше.

- Ауыл тұрғындарына, жалпы оқырмандарымызға денсаулықты күту бойынша маман ретінде қандай кеңес берер едіңіз?

- Шығыс даналығында «Ауруды емдегенше, оның алдын ал» дейді. Бүгінгі таңда көптеген аурулар қозғалыстың аздығынан, дұрыс тамақтанбаудан және күйзелістен пайда болады. Сондықтан ауылдастарыма көбірек қозғалуды, таза ауада серуендеуді, суды жеткілікті мөлшерде ішуді және ең бастысы - көңіл-күйді көтеріңкі ұстауды ұсынамын.

- Әңгімеңізге рақмет!

Өйгерім ЖАРТИНА



ӨМІРІН ӨНЕРГЕ АРНАҒАН

Аудан көлеміндегі әр ауылда, аудан мәдениетін көтеруге талмай қызмет жасаған азаматтар аз емес.

Сопардың бірі, бірегейі деуге тұрарлық кезінде Алтай батыр ауылындағы Алтай мәдениеті үйін ұзақ жылдар басқарған Есенов Жөнелбек еді.

Жерлес жазушымыз Мәди Айымбетовтің шығармаларында сөз болған Сағыз өзенінің бойындағы, аққұмның етегінде орналасқан Шұқырши ауылы Жөнелбек бәріміздің туып өскен, бақытты балалақ шағымыз өткен жер болатын. Бала кезден өнерге бейім Жөнелбек мектеп қабырғасында жүріп-ақ елге танылды.

1970жылы Алматы қаласында өткен жас өнерпаздардың республикалық байқауында Айберген Айтбаев жетекшілік еткен Байғанин ауданы жас домбырашылар оркестрі Бас жүлдені иемденді.

Осы оркестр құрамында Алтайлық бес өнерпаз Есенов Жөнелбек, Түйешин Өбен, Боранбаев Сағызбай, Төлепов Дижанбай және мен болып едік.

Мектеп бітірген соң Жөнелбек Ақтөбе мәдени ағарту арнаулы оқу орнын үздік бітіріп, туған ауылға келіп, 1976 жылдан ұзақ жылдар Алтай мәдениет үйінің директоры қызметін атқарды. Алғашқы күндерден -ақ ауыл көлеміндегі сахнаның сөніне айналған өнерпаз аға -апаларымызды бас қылып, олардан кейінгі жастарды кеңінен өнерге тартып ауыл сахнасына шығарды. Жөнелбек бастаған ауыл көркем өнерпаздары малшы-шапандар, механизаторлар, жалпы еңбек адамдарының арасында әнші болып, өнер сүйер қауымның сүйіктісіне айналды.

Сол 70 жылдары обылыс көлемінде құрылып, өнер көрсеткен вокальды аспаптар ансамбльдері құрамында Тәжібаев Қайырғали («Балауса» ансамблінде), Науанова Сәлима («Қарлығаштар» қыздар ансамблінде) т.б Жөнелбектің ауылдас шәкірттері болды.

1977 жылы Алтай мәдениет үйі жанында «Гүлдіурен» вокальды аспаптар ансамблі Жөнелбек бастаған өнерпаз

жастардан құрылды. Ансамблге аспаптар алуға ауыл өнерпаз жастары болып демеушілік жасадық.

Ансамбл құрамында Есенов Жөнелбек, Бақытов Болат, Қартабаев Қалыбай, Оразов Марат, Сәрсенов Ағыбай, Тәжібаев Қайырғали әншілер Науанова Сәлима, Төлеуова Гүлзада, Сәдуова Әзиза, Қауқарова Света, Сейтова Мақтагүл т.б жастар болды.

Жөнелбек бастаған ауыл өнерпаздары аудандық, облыстық, жарыстарда сан мәрте жүлделерге ие болды.

Жөнелбек ауылдағы өнерпаз аға буын өкілдерін ортаға тартқанын айтып өттік. Кезінде осы мәдениет үйін басқарған қобызшы, «Қазанғап» ансамблінің мүшесі Науанова Роза апамыздың басқаруымен ауыл сахнасында өнер көрсеткен Дүйсенов Сағындық, Дүсіпов Айтбай, Сисенбаев Ибрагим, Амантулин Бүтінбай, Қозыбақов Жөкен, Әмитова Әлия, Сылықбаева Салиха, Қорғанбаева Бәтима, «Қазанғап» оркестрінің мүшесі Исаев Сайлаубай, аудан өңіріндегі жырау-термешілері мектебінің негізін қалаушылардың бірі Тәжібаев Орынбай, әнші Үсенова Айбарша т.б Алтайлықтардың есінде.

Жөнелбектің бастамасымен құрылған драма үйірмесі аудан сахнасында өткен өнер жарысында үздік болып, Ақтөбе телеарнасының арнайы түсірілім тобының назарына ілікті. Бұл түсірілімде драма үйірмесінің жетекшілері Дүйсенов Сағындық, Мұқашев Бек, рөлдерді сомдаған Қаленов Мұхит, Амантурлин Бүтінбай, Қозыбақов Жөкен т.б еңбектері ерекше болып еді.

Қозыбақов Жөкен ағамыздың қызы Мәншүк осы кезде аудандық мәдениет үйінде қызмет жасаса, шөбересі талай жерден жүлдемен оралып жүрген «Ауыл балалары ансамблі» тобының белді мүшесі. Амантурлин Бүтінбайдың ұлы Қайрат Т.Ахтанов атындағы драма театрын-



Мемлекеттік қызмет ардагері
Ертай ҚАРАБАСОВ

да Қазақ батырларын сомдаған талантты актер ретінде есте қалды.

Осы екі ағамыздың ауыл сахнасында қосылып шыққан «Атамекен», «Арыс жағасында» т.б әндері әлі құлағымызда. Ауыл мәдениетін көтеруде ауыл өнерпаздарының басын қосып, халқына қалтқысыз қызмет жасаған өмірдегі, өнердегі досымыз Есенов Жөнелбектің өмірден озғанына быыл мамыр айында 20жыл толады екен. Жөнелбектің шаңырағын ұстап, ұл-қызын тәрбиелеп өсірген жасты Сәуленің орны бөлек.

Ауыл кітапханасын ұзақ жылдар басқарып, кітап сүйер қауымның сүйіктісіне айналған Сәулені ауылдастар әрдайым құрметпен қарсы алады.

Осылайша өмірін өнерге арнап, ауыл мәдениетін көтеруге өлшеусіз үлесін қосқан Жөнелбек Есеновті еске алуды жөн көрдім.

Мемлекеттік қызмет ардагері
Ертай ҚАРАБАСОВ

Қоштанбек Ғабидулла Қоштанбекұлы

Қоштанбекұлы Ғабидулла Қоштанбекұлы 1949 жылы 25 мамырда Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылында дүниеге келген. 1966 жылы Комсомолдың ХХХ жылдығы атындағы орта мектебін бітіріп, сол жылы Гурьев қаласындағы ҚазССР-ы ауыл шаруашылық Министірлігінің Гурьевтегі ауылшаруашылық техникумына түсіп, 1973 жылы мал дәрігер мамандығы бойынша диплом алып шықты. 1968 – 1972 жылдар аралығында Солтүстік флотта (матрос) 4 жыл әскер қатарында болды. 1973 жылы Байғанин ауданы ветеринариялық станцияда мал дәрігер қызметіне орналасты.

1975 – 1993 жылдар аралығында Облыстық ветеринариялық санотрядтың Байғанин ауданындағы бөлімшесінің басшысы болып қызмет атқарды.

1993 – 1997 жылдары Байғанин ауданы мал дәрігерлік бірлестігі жанындағы шаруашылық есептегі бөлімшенің аға мал дәрігері болып қызмет атқарды.

1997 -1998 жылдар аралығында «Жәнібек» шаруа қожалығының басшысы және мал дәрігері болып қызмет атқарды.

1998 – 2009 жылдар аралығында Байғанин аудандық ауылшаруашылық басқармасының мемлекеттік мал дәрігері қызметін атқарды.

2009 – 2012 жылдар аралығында Байғанин аудандық ветеринариялық лицензиат мал дәрігері болып қызмет жасады.

2012 – 2014 жылдар аралығында Байғанин аудандық ветстанция кәсіпорнына мал дәрігер қызметін атқарды.

2012 жылы құрметті зейнеткерлікке шықты. 2 ұл 2 қыз тәрбиелеп , балалары жоғары білімді, мемерелері бар.

2021 жылы Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігінің Ауылшаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының I дәрежелі «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ» тесбелгісімен марапатталды.

Ғабидолла өзі зейнеткерлікке шыққанға дейін Байғанин ауданының ауыл шаруашылығы саласында көп жыл адал қызмет етті. Ол өзі қызмет жасаған мекемесінде де, жолдас-жораларының арасында да өте сыйлы азамат еді.

Марқұмның отбасына және ағайын тумаларына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.

Байғанин ауданының ардагерлер кеңесі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ - ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық – кез келген мемлекеттің дамуына кедергі келтіретін қауіпті құбылыс. Ол қоғамдағы әділдік пен заңдылық қағидаларын бұзып, халықтың мемлекетке деген сенімін төмендетеді. Жемқорлық болған жерде адал еңбек пен білім емес, жеке пайда мен таныстық алға шығады. Сондықтан бұл мәселемен күресу – барша азаматтың ортақ міндеті. Сыбайлас жемқорлықтың негізгі түрлеріне пара беру, қызметтік өкілеттікті жеке мақсатта пайдалану, заңсыз сыйақы алу жатады. Мұндай әрекеттер ел экономикасына зиян келтіріп қана қоймай, жастардың болашағына да теріс әсер етеді. Әсіресе білім беру, медицина, мемлекеттік қызмет салаларындағы жемқорлық қоғамның дамуын тежейді. Жемқорлықтың алдын алу үшін ең алдымен адам бойында адалдық, жауапкершілік және әділдік қасиеттері қалыптасуы қажет. Отбасында, мектепте, қоғамда парасаттылық құндылықтарын дәріптеу маңызды. Сонымен қатар заңның қатаң сақталуы және азаматтардың құқықтық сауаттылығы



да үлкен рөл атқарады. Қорыта айтқанда, сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті. Әр адам адал өмір сүріп, заңды құрметтеген жағдайда ғана әділетті әрі дамыған қоғам құруға болады.

Байғанин аудандық мемлекеттік қазынашылық басқармасы.

ТҮЗЕТУ ЕНГІЗУ

«Жем-Сағыз» газетінің 21 мамыр 2026 жылғы №20 (7880) санды нөміріне шыққан Байғанин ауданы бойынша жайылымдық мақсатқа конкурс арқылы жалға берілетін жер учаскелері туралы ақпараттық хабарламада техникалық қате кетуіне байланысты №5-лот Жаңажол ауылдық округі болып оқылсын.

Еске алу

Еңбекпен есімі ел жадында қалған азамат Тәжіков Қыдырбай 14.12.1955- 05.06.1995

Биыл асқар тауымыз, ардақты әкеміз Тәжіков Қыдырбай дүниеден өткеніне 31 жыл толып отыр. Уақыт өткен сайын оның жарқын бейнесі мен өнегелі өмір жолы жүрегімізде жаңғырып, сағынышымызды арттыра түседі.

Әкеміз бүкіл саналы ғұмырын еңбекке арнаған жан еді. Ұзақ жылдар тракторист болып жұмыс істеп, ауыл шаруашылығы саласының дамуына өз үлесін қосты. Қарапайым еңбек адамы бола тұра, өзінің жауапкершілігімен, адалдығымен және еңбекқорлығымен ел құрметіне бөленді.

Отбасында қамқор әке, адал жар бола білді. Бізге адал еңбек етуді, үлкенді құрметтеп, кішіге ізет көрсетуді үйретті. Оның өмірлік ұстанымы мен тәрбиесі бүгінгі күні балалары мен немерелеріне өнеге болып келеді.

Арада 31 жыл өтсе де, әкеміздің жарқын жүзі, даналыққа толы сөздері мен елге жасаған игі істері ұмытылған жоқ. Әкеміздің есімі туған жерінде, оны білетін жандардың жүрегінде мәңгі сақталады.

Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, асыл әке! Сізді сағынышпен еске аламыз және әрдайым мақтан тұтамыз.

Еске алушы: зайыбы: Балзия ,бала - келіні, қыз - күйеубалдары, немерелері, жиендері.

Меншік иесі:
«Қадір Ұлықпан Қаратайұлы» ЖК

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму Министрлігі
Байланыс ақпараттандыру және ақпарат комитетінде

2015 жылғы 8 сәуірде тіркеліп,
№15190-Г куәлігі берілген.

ЖЕМ - САҒЫЗ

Директор — Редактор Ұлықпан ҚАДІР

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді. Оны қайтармайды.
Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді.
Авторлық мақалалар редакцияның түпкілікті көзқарасы болып табылмайды.
Жарнамалар мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
* Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордан алынды.

«Жем - Сағыз» газеті редакциясының мекенжайы:
030300, Байғанин ауданы
Қарауылкелді селосы,
Д. Қонаев көшесі, №35

Газет аптасына бір рет шығады
Индексі: 65512
Таралымы 1404
Тапсырыс №801
Көлемі 1 баспа табақ.